


 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		1- 11 беттен


экз. № _____

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілді
«28» қысқасын 2018 ж.
№ 17 хаттама

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы	Күні
ӘЗІРЛЕНГЕН:			
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың м.а.	Алишева А.Т.		16.11.18
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы	Абдрасилова Д.С.		16.11.18
КЕЛІСІЛГЕН:			
СМЖ бойынша жауапты маман	Косиди М.С.		16.11.18

Астана 2018

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		2- 11 беттен

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақ ұлттық хореография академиясында» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 43-1-бабы, 2-тармағының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» № 116 қаулысына сәйкес әзірленді және «Қазақ ұлттық хореография академиясы» (бұдан әрі - Академия) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін айқындайды.


2. Академиялық демалыс – білім беру ұйымдарында білім алушылар медициналық көрсеткіштер бойынша және өзге де ерекше жағдайларға байланысты өз оқуын уақытша тоқтата тұратын кезең.

2. Академиялық демалыс беру негіздері мен тәртібі

3. Білім алушыға академиялық демалыс сырқаттануына байланысты амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ДКК) қорытындысы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін, әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде, бала туғанда немесе асырап алған жағдайда үш жасқа толғанға дейін беріледі. Егер сырқат 12 айдан артық созылса, білім алушы Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына қайта қабылдау құқығымен Академиядан оқудан шығару туралы өтініш беруі керек. Сонымен бірге оқуды тек ақылы негізде жалғастыруға болады.

4. Білім алушы медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалысқа шығу үшін Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметіне (бұдан әрі – Қызмет) Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына өтініш жазып, мағлұматты растайтын ДКК қорытындысының түпнұсқасын тапсырады.

5. Білім алушыға әскери қызметке шақыру қағазы негізінде академиялық демалыс беріледі. Академиялық демалысты ресімдеу үшін

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		3- 11 беттен

әскери қызмет өткеру аймағына жөнелту уақыты мен орны белгіленген шақыру қағазы көрсетілуі тиіс.

6. Келесі шарттар сақталған жағдайда Академия білім алушыға медициналық емес немесе отбасылық емес өзге де жағдайларға байланысты 12 айға дейінгі академиялық демалыс бере алады:

1) білім алушыға академиялық демалыс оқудың бірінші жылы аяқталғаннан кейін ғана беріледі;

2) білім алушыға академиялық демалыс пәндер бойынша кредит саны жеткілікті болған жағдайда беріледі.

7. Білім алушы, медициналық емес немесе отбасылық емес жағдайларға байланысты академиялық демалысқа өтініш беру үшін көрсетілген уақытта қатысуды жоспарлаған іс-шаралардың мақсаттары баяндалған құжаттарды тапсыруы тиіс.


8. Егер, академиялық демалыс кезінде білім алушы қандай да бір ұйымға жұмысқа орналасуды жоспарлаған жағдайда, жұмыс берушінің атынан жазбаша шақыру жасалып, ұйымның тіркеу құжаты немесе ұйымның қызметі туралы басқа да құжаттардың көшірмесін алдын-ала тапсыруы тиіс.

9. Академиялық демалысты аяқтағаннан кейін білім алушы факультет деканына академиялық демалыс кезінде істеген қызметін сипаттайтын есебін, сондай-ақ білім алушының академиялық демалыс кезінде атқарған жұмысына баға беріп, есебін растайтын басшының (басшылардың) немесе басқа өкілетті тұлғаның (өкілетті тұлғалардың) хатын тапсыруы тиіс.

10. Академиялық демалыс кезінде білім алушы жұмыс істеген жағдайда, ол академиялық демалыс кезіндегі үздіксіз жұмысын растайтын тиісті құжаттарды тапсыруы тиіс.

11. Академиялық демалыс сұраған білім алушы Академия ректорының немесе оның өкілетті тұлғасының атына Қызметтің офис-тіркеушісі берген нысан (1-қосымша) бойынша өтініш беруі керек. Өтініш кафедра меңгерушісімен, тиісті факультет деканымен, Қызмет басшысымен, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректормен келісіліп, Академия кеңсесі мен архивіне тапсырылуы тиіс.

12. Академия ректоры немесе оның өкілетті тұлғасының атынан академиялық демалыс алуға рұқсат етілгеннен кейін, білім алушыға академиялық демалысты беру туралы бұйрық жобасын дайындау үшін өтініш Қызметтің офис-тіркеушісіне тапсырылады. Үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың негізінде білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарылады. Бұйрықта академиялық демалыстың мерзімі көрсетіліп, сондай-ақ академиялық демалысты беру негіздері орын алады. Бұйрықтың түпнұсқасы Қызметте сақталады, ал көшірмесі білім алушыға беріледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		4- 11 беттен

Егер білім алушы академиялық демалысқа шығу кезінде пәндерге тіркелсе, тоқтатылған семестр бойынша баға қойылмайды.

3. Академиялық демалыстың стипендияға және басқа да қаржылық қолдауға әсері

13. Академиялық демалыс берілген жағдайда, оқуы республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын білім алушы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде одан әрі оқуын жалғастыру құқығын сақтайды. Академия, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын білім алушыға берілген академиялық демалыс бұйрығының көшірмесін, аталған білім алу бағдарламасын қаржыландырудың сомасы мен мерзімдерін түзету үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жолдайды.

14. Ақылы негізде оқитын білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда, академиялық демалыс кезінде оқу ақысы алынбайды.


15. Білім алушыны қаржыландыру және оқу ақысын төлеу академиялық демалыс кезінде тоқтатылады, бұған мемлекеттік стипендияларды тағайындау қағидаларында көрсетілген медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыстағы білім алушылардың стипендиялары жатпайды. Қаржыландыру және төлем жасау білім алушының академиялық демалыстан шығуына байланысты қайта жаңғыртылады.

4. Академиялық демалыстан шығу

16. Білім алушы академиялық демалыстан шығу үшін Академия ректоры немесе оның өкілетті тұлғасының атына өтініш береді (2-қосымша) және медициналық көрсеткіш бойынша академиялық демалыста болған білім алушы осы оқу бағдарламасы бойынша білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен қоса науқасты қараған денсаулық сақтау ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасын, немесе өзге жағдайларға байланысты академиялық демалысты растайтын құжаттарды тапсырады. Құжаттар білім алушы оқуын қайта жалғастыратын семестрдің басталуына дейін тапсырылуы тиіс.

17. Үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың негізінде білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы Академия ректоры немесе оның өкілетті тұлғасының оқу бағдарламасы, курсы және тобы көрсетілген бұйрығы шығарылады.

18. Академия, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын білім алушы академиялық демалыстан шыққан жағдайда, аталған білім алу

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		5- 11 беттен


бағдарламасын қаржыландырудың сомасы мен мерзімдерін түзету үшін бұйрық көшірмесін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жолдайды.

19. Факультет деканы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жұмыс жоспарындағы пән кредиттерінің айырмашылығы мен оқу курсы анықтап, кафедра және Қызметпен келісе отырып, білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.

20. Академиялық демалыстан келген соң білім алушы оқуын аталған академиялық демалысты ресімдеген курстан (және академиялық кезеңнен) бастап жалғастырады.

21. Егер академиялық демалыстан келу немесе академиялық демалысқа шығу уақыты академиялық кезеңнің басталуына немесе аяқталуына сәйкес келмесе, білім алушы жеке оқу кестесі бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындап, аралық аттестаттауға жіберілу үшін қажетті балдарды жинайды немесе айырмашылықтар пайда болған пәндер бойынша жазғы семестрге жазылады. Жеке оқу кестесі білім алушы мен кафедра меңгерушісімен келісіледі.

22. Білім алушы айырмашылықтарды жою үшін ағымдағы оқу жұмысымен қатар, академиялық кезеңде барлық сабақ түрлеріне қатысады, сол пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасында қарастырылған ағымдағы, кезеңдік және қорытынды аттестацияның барлық түрлерін тапсырып, емтиханға рұқсат алады және академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушы аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылауды тапсырады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		6- 11 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары
1-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ ректоры

Т.А.Ә.)

(білім алушының Т.А.Ә.)

(БББ атауы)

білім беру бағдарламасы
бойынша

(білім алушының байланыс телефоны)


Өтініш

Сізден _____ жылдың «__» _____ бастап _____
(себебін көрсету қажет)

байланысты академиялық демалыс беруіңізді сұраймын.

«__» _____ 20__ ЖЫЛ

(қолы)

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		7- 11 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларына 2-қосымша

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ ректоры

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (білім алушының Т.А.Ә.)

_____ (БББ атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша

_____ (білім алушының байланыс телефоны)

Өтініш

Сізден _____ академиялық демалыстан
(себепін көрсету қажет)
шығуыма байланысты оқуымды қайта жалғастыруға және ___ жылдың «__»
_____ бастап оқу сабақтарына кірісуге рұқсат етуіңізді сұраймын.

_____ қоса тіркеледі.
(растайтын құжаттардың атауы)

«__» _____ 20__ ЖЫЛ

_____ (қолы)

